

системы образ пространственной сцены. Конвейер разделен на ряд этапов, на каждом из которых реализуется некоторая функция [4].

В настоящее время в связи с внедрением в образовательную практику средств новых информационных технологий появилась реальная возможность обучить школьников компьютерной графике и анимации. Компьютерная анимация - это получение движущихся изображений на мониторе компьютера. «Анимация» означает «оживление». Однако возможности медиаобразования средствами компьютерной графики и анимации пока что оказываются недостаточно используются в обучении учащихся в связи с недостаточной разработанностью методики ее преподавания. Поэтому создание такой технологии решает в будущем проблемы медиаобразования. Выпускники школ могут в дальнейшем выбрать интересную для себя профессию мультипликатора и программиста в мультимедиа сфере. Особенное значение эта образовательная технология имеет для становления методики преподавания в области компьютерной графики.

В процессе занятия компьютерной графикой и анимацией учащиеся:

- овладеют программными средствами компьютерной анимации,
- ознакомятся с историей, теорией традиционной и компьютерной анимации,
- овладеют основными техниками анимации.

Изучение учащимися принципов работы анимационных пакетов на примере пакета 3 ds max 8 способствуют:

- приобретению навыков работы с инструментарием программного анимационного пакета 3 ds max 8; освоение ряда анимационных техник средствами инструментария пакета 3 ds max 8,
- углубят знания по основным школьным дисциплинам посредством создания анимационных моделей и иллюстраций к этим дисциплинам,
- освоят технологии создания компьютерных анимационных фильмов основных видов (мультфильмы или видео клипы).

Учащиеся получают следующие знания и умения:

- знание истории, теории, эстетики, возможностей и применений традиционной и компьютерной анимации,
- знание принципов работы анимационных пакетов и умение - пользоваться инструментарием программного пакета 3 ds max,
- владение основными техниками анимации,
- владение технологией создания компьютерной анимации основных видов.

Занятия по компьютерной графике и анимации можно проводить в виде лекции с видео показом, практических занятий на компьютерах, выполнения групповой работы над проектом.

Таким образом, использование в учебном процессе компьютерной графике на уроках «Художественного труда» формирует компетенции учащихся при создании авторских проектов, развивает исследовательские навыки, кругозор учащихся, работы с программными продуктами, повышает интерес к данному предмету, проявляются дизайнерские навыки, повышению качества усвояемого материала.

Литература:

1. Государственная программа «Цифровой Казахстан». Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827>
2. Учебная программа предмета «Художественный труд» для 5-9 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию
3. Кулагин Б.Ю. 3d max. - СПб.: БХВ-Петербург, 2003.-480 с.
4. Компьютерная графика. <http://coolreferat.com>

Айтказина А.С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шет тілдер факультеті, МИЯ-62 тобы, магистрант
(Ғылыми жетекшісі - *PhD Саржанова Г.Б.*)

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮЛГІСІ

Педагогикалық технологияларды, оның ішінде модульдік оқыту технологиясын іске асырудың сапасы мен тиімділігі – зерттеу әдістерін тиімді қолдану дәрежесіне тікелей байланысты. Қазіргі уақытта үлгілеу әдісі жиі қолданылуда. Үлгі қоршаған болмыс құбылыстары мен процестерін зерттеу

мақсатында пайдаланылуы мүмкін, ол оқу пәні ішінде туындайтын қарым-қатынасты терең түсінуге мүмкіндік береді. Үлгілеу – педагогикалық құбылыстарды, соның ішінде педагогикалық үдерісті басқару әдісі ретінде СМ.Архангельский, М.К. Буслова, Б.С. Гершунский, В.И. Загвязинский, И.Ф. Исаеваның, Н.В. Кузьмина, Г.В. Лаврентьев, В.С. Лазарев, В.В. Маландин, С.А. Машников, А.Н. Орлов, Л.С. Подымов, В.А. Слостеннин, Н.Ф. Талызина, И.К. Шалаевтың еңбектерінде кеңінен қолданылған.

Модель (лат. *modulus*-өлшем, үлгі, норма) кең мағынада - белгілі бір жағдайларда қандай да бір объектінің немесе объектілер жүйесінің "орынбасары" немесе "өкілі" ретінде пайдаланылатын бейнесі (оның ішінде шартты немесе ойлы-бейнесі – сипаттамасы, схемасы, сызбасы, кестесі, жоспары, картасы және т. б.) немесе нобайы (үлгісі) [1,399]. Бұл терминге В. А. Штоф келесі түсініктеме береді: белгілі бір нысанды бейнелейтін немесе жаңғыртатын және оны зерттеген кезде жаңа ақпарат алуға болатын, ойлауға келетін немесе материалды жүзеге асырылатын жүйе [2].

Б. А. Глинский үлгілеудің объективті мүмкіндігі ретінде тұтас зат болып саналатын элементтердің заңды байланысын санайды. Пәнге енгізілетін элементтер бір-бірімен заңды түрде келісілуі тиіс, сонымен бірге үлгіні құрайтын элементтер мен қатынастар түпнұсқаға тиесілі элементтер мен қатынастарға сәйкес келуге міндетті. Түпнұсқа болып - "оның сапалық-сандық ерекшелігіндегі әр түрлі қасиеттер, байланыстар мен қарым-қатынастар, атап айтқанда зерттеушіні тікелей қызықтыратын біртұтас емес объект" болып табылады[3,17].

Біз үлгілеу процесінің құрылымын Б. А. Глинский ұсынған кезеңдер бойынша қарастырдық: I кезең - түпнұсқа туралы жинақталған білімді өзектендіру және соның негізде, белгілі бір білімді алу үшін, қызығушылық тудыртқан объектіні зерттеушінің тікелей түрде зерделеуінің мүмкін еместігін анықтау; II кезең- ғылыми әдебиеттерде берілген үлгілердің ішінен таңдау жүргізу; III кезең-үлгіні зерттеу, оны тәжірибелік - эксперименталды тексеру; IV кезең-алынған деректерді түпнұсқаға көшіру; V кезең - алынған деректердің шынайылығын тексеру және оларды түпнұсқа туралы деректерге қосу [3].

Осы логиканы басшылыққа ала отырып, бірінші кезеңде біз модульдік бағдарлама мен оқу модульдерінің әзірленуі мен құрылымын, жалпы білім беретін мектептің теориясы мен тәжірибесіндегі проблемалардың жағдайын анықтадық. Екінші кезеңде барабар үлгі құру (таңдау) бойынша жұмыс жүзеге асырылды. Үлгілердің барлық алуан түрлерін талдай отырып, біз модульдік оқыту негізінде оқушылардың оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттырудың құрылымдық-функционалдық үлгісін таңдадық, себебі, біздің зерттеу нәтижелеріне сәйкес, ол – жалпы білім беретін мектептерде қолдануға өте қолайлы.

Құрылымдық-функционалды үлгі келесі ретпен құрылады: үлгінің функциясы - оның құрылымы - түпнұсқаның құрылымы - түпнұсқаның функциясы. Ізделіп отырған үлгіні жасау кезінде біз объектіні алмастырғыштың құрылымы мен функцияларының барынша түпнұсқаға ұқсас болуын көздедік. Біз үлгіде түпнұсқаның қайталануының мақсатты дәрежесін анықтадық.

Жұмыстың үшінші кезеңінде жасалған үлгі одан әрі теориялық тұрғыдан талданып, тәжірибелік-эксперименттік тексеруден өтті. Жалпы білім беретін мектепте модульдік оқыту негізінде оқушылардың оқу қызметін арттыру процесін үлгілеудің төртінші және бесінші кезеңдерінде – үлгіні зерттеу барысында алынған білімді түпнұсқаға ауыстыру жүзеге асырылды, алынған мәліметтер түпнұсқа туралы білім жүйесіне енгізілді.

Модульдік оқыту негізінде оқушылардың оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыру үлгісін біз өзара байланысты белгілі бір компоненттерден тұратын күрделі жүйе ретінде қарастырамыз: модульдік оқытудың мақсатты (іске асыру шарттары, модульдік оқыту принциптері) құрылымдық компоненттері: мазмұнды; технологиялық және нәтижелі.

Үлгінің жұмыс істеу негізіне алынған қағидаттар: вариативтік (әрбір оқушының оқудағы өзін-өзі тануын қамтамасыз ету); гуманизациялық (тәрбиеленушінің азаматтық құқығын тану, оқушыларға гуманистік білім беруді жүзеге асыру және олардың гуманитарлық білімі, педагогикалық процестің тартымдылығын қамтамасыз ету); дифференциациялық (оқушылардың бейімділігі, мүдделері, қабілеті есепке алынатын оқу қызметін ұйымдастыру); диалогтық (мазмұны – құндылықтар алмасу немесе құндылықтарды бірлесіп өндіру болып табылатын тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара іс-әрекеті).

Үлгіні жүзеге асырудың мақсаты- модульдік оқыту құралдарын қолдана отырып, оқушылардың оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыру. Қойылған мақсат модульдік оқытудың педагогикалық шарттары мен мазмұнын анықтайды, сондай-ақ мектеп мұғалімі қызметінің бағыттарын тағайындайды.

Біздің зерттеу жұмысында оқу іс-әрекетінің тиімділігі ретінде: оқушының тек қана ақпараттандырылуы емес, пайда болған мәселелерді (соның ішінде ғылыми сипаттағы) шешу қабілеті бірінші кезекке қойылып, оқу міндеттерін шешу кезінде білім мен іскерлікті қолдану қабілеті мен дайындығы саналады. Тиімділік когнитивтік қабілеттердің (түрлі идеяларды түсіну және пайдалану), ұйымдастырушылық қабілеттердің (уақытты тиімді пайдалану, шешім қабылдау немесе мәселелерді шешу), өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыстың болуын көздейді және ойлау мәдениетімен, аналитикалық рефлексиямен, шешім қабылдау үшін дербестікпен және жауапкершілікпен байланысты.

Тиімділік ұғымы бұл жағдайда – модульдік оқыту технологиясы бойынша білім алатын оқушылардың мақсатты, жүйелі қызметінің нәтижесі ретінде алынады.

Модульдік оқыту технологиясын іске асыру- қызметті ұйымдастырудың тәсілдері, құралдары, нысандары мен әдістері болып табылатын шарттарды ұйымдастыруға тәуелді күрделі көпкезеңді процесс.

Оқытудың оқу қызметі тиімділігінің шарттары:

- адекватты педагогикалық технологияны қолдану;

- пәнді оқу барысында әрбір оқушыға жеке көңіл бөлінуді қамтамасыз ететін білім беру үдерісін ұйымдастыру;

- оқу пәнін оқытудың проблемалылығы;

- арнайы модульдік курсты енгізу және іске асыру.

Оқытудың дараландырылуы – оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру, ол әрбір оқушының оқу қарқынын ескере отырып, жеке мүмкіндіктерін іске асыру үшін оңтайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

И. Э. Унт өзінің анықтамасында "дараландыру – оқыту процесінің барлық түрлері мен әдістерінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін оның, олардың қандай және қандай шамада екеніне қарамастан, есепке алу" деп жазады [4,93]. А. Г. Асмолов бойынша дараландыру - " қызмет әрекетінің ұжымдық түрлерінен жеке түрлеріне көшу, тұлғаны оқыту және тәрбиелеу механизміне, оның танымдық қызметіне ену құралы" [5,47].

И. Э. Унттың ойынша, дараландыруды - оқыту үрдісі, білім беру мазмұны және мектеп жүйесін құру тұрғысынан қарастыруға болады. Олардың біріншісі оқыту формаларын, әдістері мен тәсілдерін іріктеуге, екіншісі - оқу жоспарларын, бағдарламаларын, оқу әдебиетін жасауға және оқушыларға қойылатын тапсырмаларды құрастыруға, ал үшіншісі - мектептер мен сыныптардың әртүрлі типтерін қалыптастыруға қатысты, сондықтан оқушыларды оқыту процесін дараландыру өзіндік дербес жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі түрлерін пайдалану кезінде ғана мүмкін болады.

Проблемалылық – үлгіні жүзеге асырудың басты педагогикалық шарттарының бірі болып табылады. Проблемалық оқытудың мақсаты – оқушылардың түсініктерді меңгеру деңгейін көтеру және ретсіз ойлау операцияларына үйрету емес, стереотипті емес міндеттерді шешу үшін ақыл-ой іс-әрекеттері жүйесіне үйрету болып табылады. Бұл ретте, оқушы талдай, салыстыра, синтездей, жинақтай отырып, материалды нақтылай отырып, одан өзі жаңа ақпарат алады. Оқушыларға проблемалық оқыту арқылы тәрбие берудің мәні – проблемалық жағдайларды құру арқылы олардың ойлауын белсендіру, танымдық қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылыққа барабар ақыл-ой процестерін үлгілеу.

Демек, проблемалық оқыту оқушылардың танымдық әрекеттерін жүйелі түрде тудыратын, жаңа ұғымның мәнін ашу тәсілдерін дербес іздеумен сипатталатын мұғалімнің белгілі бір іс-әрекетін талап етеді. Мұндай іс-әрекет – іздеу қызметі деп аталады және ол оқу модулі шеңберінде тиімді іске асырылады.

Үлгінің маңызды құрылымдық бірлігі – оқу қызметінің тиімділігін қалыптастыру қағидалары болып табылады, олардың негізінде модуль іске асырылады. Біз әзірлеген үлгі модульдік, мазмұнның құрылымдық, икемділік, жеделдік және тепе-теңдік қағидаттарын қамтиды.

Модульдік қағидаты. Бұл қағидаттың мәні – модульдік оқытудың негізгі идеяларынан - оқыту процесінде модульдерді оқушылардың оқу ақпаратын меңгеруінің негізгі құралы ретінде пайдаланудан тұрады. Ол – оқытуды дараландырудың негізі болып табылады, себебі оқушылардың базалық дайындығының деңгейіне байланысты оның мазмұны мен оны меңгеру тәсілдерінің әртүрлілігі қамтамасыз етіледі.

Модульдік принципін іске асырудың педагогикалық шарттары: модульде қамтылған оқу ақпараты жалпы білім беретін мектеп бағдарламаларының нақты талаптарына сәйкес болуы тиіс; модульге бөлінген оқу ақпараты игерілетін үлгінің жеткілікті сипаттамасын қамтуы тиіс және мүмкіндігінше, оқушы қызметінің басқа үлгілеріне ақпараттық тұрғыдан тәуелді болмауы тиіс;

зерделеу үшін ұсынылған әрбір келесі модуль алдыңғы ақпаратқа сүйенбеуі тиіс (үлгіні игеру тиімділігінің бұрын зерттелген немесе зерттелмеген модульдерге тәуелділігін болдырмау үшін); оқушының уақыт үнемдеу мақсатында, берілген ақпарат үлгіні игеру үшін база болып табылмаса, модульдерге ақпаратты қайта қосуды болдырмау қажет; үлгіні уақыттық қатынаста және білім мен біліктерді берік бекітіп, оңтайлы игеру үшін ұйымдастырудың бірнеше түрлері мен оқыту әдістерін түпнұсқалық үйлесімде пайдалану қажет; оқушыға оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, үлгіні игеру тәсілдерін таңдау құқығы берілуі қажет.

Оқыту мазмұнының құрылымдау принципі. Бұл қағидат оқу материалын модуль шеңберінде құрылымдық элементтерге бөлуді көздейді, олардың әрқайсысының алдында толық анықталған дидактикалық мақсат, ал оқыту мазмұны оған қол жеткізуді қамтамасыз ететін көлемде ұсынылады. Модульдік бағдарлама кешенді дидактикалық мақсатты жүзеге асырады, ол мақсатқа: біріктірілген дидактикалық мақсаттар кіреді, олардың әрқайсысына қол жеткізу нақты модульді қамтамасыз етеді. Модуль мазмұны жеке дидактикалық мақсаттарға сәйкес келетін оқу элементтеріне құрылымдалады, әрі әрбір оқу элементі оқу қызметінің белгілі бір функционалдық элементімен сәйкес келуі тиіс.

Оқыту мазмұнын құрылымдау принципін іске асырудың педагогикалық шарттары: біріктіруші дидактикалық мақсат (нақты модульдің мақсаты) оқушының функционалдық қызмет бірлігінің мазмұнын көрсетуі тиіс; біріктіруші мақсат құрылымында оқу элементтерінің мазмұнын анықтайтын бірқатар жеке дидактикалық мақсаттар көрсетілген; әрбір оқу элементі қызметтің белгілі бір функционалдық элементімен сәйкес келеді; модульді құрайтын оқу элементтерінің мазмұны барлық жеке дидактикалық мақсаттарға, яғни модульдің біріктіруші мақсаттына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Икемділік принципі. Икемділік модульдік оқыту технологиясының өзекті сипаттамасы ретінде өзгермелі ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға жедел ден қою және ұтқыр бейімделу қабілетін білдіреді, ол оқу процесінің құрылымдық, мазмұнды және технологиялық аспектілерін қозғайды.

Модульдік оқу жоспарымен регламенттелетін оқу процесі, модульдер жиынтығының өзгеруіне қарай және оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, модульдерді меңгеру санын, құрылымын және кезегін (құрылымдық икемділік) ауыстыру арқылы өзгертілуі мүмкін. Мазмұндық икемділік, ең алдымен, оқыту мазмұнын саралауда, ал технологиялық икемділік - оқыту әдістерінің вариативтігінде және бақылау мен бағалау жүйесінің мобильділігінде көрсетіледі.

Икемділік принципін іске асырудың педагогикалық шарттары: қызметті, модульдің оңтайлы жиынтығын және құнды мазмұнмен толықтыруды анықтау мақсатында, нақты жағдайларда үздіксіз диагностикалау; жеке модульдік бағдарламаларды әзірлеу үшін әрбір оқу курсының басында білім алушылардың базалық даярлығын тексеру; білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне қарай оқытудың көлемі мен ұзақтығын анықтау.

Жеделдік принципі, бірінші кезекте, модульді зерттеудің табыстылығын бағалау, түзету және уақытында бақылау мақсатында жедел кері байланыс жүйесін ұйымдастыру қажеттілігін қарастырады.

Жеделдік принципін іске асырудың педагогикалық шарттары: әрбір білім алушы үшін жеке модульдік бағдарламамен жұмыс істеу үшін барынша қолайлы құралдар кешенін (баспа материалдарын, аудио - және бейнекассеталарды, компьютерлік бағдарламалар мен деректер базасын) анықтау; бастапқы (кіріспе), аралық (ағымдық) және қорытынды тестілеуді өткізу арқылы модульді зерттеу сапасын жедел бақылауды қамтамасыз ету; модуль материалдарын меңгеру процесін жедел түзету мақсатында консультациялар ұйымдастыру.

Тепе-теңдік принципі. Модульді меңгеру тиімділігін анықтайтын факторлардың бірі – педагог пен оқушылар арасындағы субъект - субъектілік қатынастар деңгейі. Шынында да, педагогикалық үрдістің орталығында объектіге деген қарым-қатынас емес, адамдардың, олардың қызметінің нысанына қатысты, бір-біріне деген қарым-қатынасы болады. Оқушыға пассивті қатысушысының рөлін беретін "Педагог - беруші" - "оқушы - алушы" классикалық схемасына қарағанда, модульдік оқыту технологиясы үйлестіруші- кеңесші ретінде әрекет ететін педагог пен модульдің оқу материалын өз бетінше пайдаланатын оқушы арасындағы ынтымақтастықты көздейді.

Тепе-теңдік принципін іске асырудың педагогикалық шарттары: оқушыларға таңдалған қарқынға сәйкес барлық тапсырмаларды өз бетінше және шығармашылықпен орындауға мүмкіндік беретіндей, әр модульді кешенді әдістемелік қамтамасыз ету; модуль бойынша оқушының жұмысы барысында тұрақты түрде кеңес беру; модульдік бағдарлама шеңберінде оқушылардың жеке ерекшеліктері мен білім беру сұраныстарына сәйкес өзінің жеке білім беру «траекториясын» өз бетінше таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Модульдік оқытуды жүзеге асыру жағдайында оқу қызметінің тиімділігін арттыру үшін біз әртүрлі әдістерді пайдаландық:

- 1) оқытудың ақпараттық әдістері (кеңес беру, әңгімелесу);
- 2) оқытудың операциялық әдістері (алгоритм, практикалық жұмыстар);
- 3) оқытудың іздеу әдістері (іскерлік ойын, ми шабуылы, жобалау және т. б.).

Бұл жіктеменің негізінде әдістердің дидактикалық тапсырмаларды шешуге, оқушылардың өз бетінше білім алуына, ойлауды дамытуға, тәжірибелік біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы жатыр.

Модульдік жүйедегі ұйымдастыру және оқыту әдістерін оқушылар өздерінің оқу әрекеттерінің ерекшеліктеріне, мақсаттарына, тандалған мазмұнына сәйкес таңдайды. Жүйесі мен оқыту әдістерін таңдаған кезде модульдік оқытудың әдіснамалық бөлігіндегі оқытудың дара технологиялық қамтамасыз етілуіне қарай икемділік қағидаттарына сүйену қажет. Модульдік бағдарламаларды әдістемелік қамтамасыз ету оқушылардың белсенді дербес жұмысына бағытталған. Бірқатар ғалымдар оқу жоспарындағы белсенді оқыту әдістерін жетілдіру қажеттілігін, зерттелетін проблеманың мәнін терең түсінуді, әрбір адамның жеке қатысуын және оқытуға қызығушылығын арттыруды көздейді [6, 7, 8]. Модульді оқыту кезінде, ақпарат (дәстүрлі оқыту жүйесі) «оқытудың негізгі құралдары» санатынан «оқыту құралдарының бірі» санатына беріліп, оқыту мәртебесі өзгереді. Бұл жағдайда сабақтар аспаптық, әдістемелік бағдарға ие.

Зерттеу көрсеткендей, қазіргі әдіснамеде модульдік оқыту технологиясы деп оқушылар бағдарлама - модульмен жұмыс істейтін оқу үрдісі түсіндіріледі, ал біздің зерттеу арнасында - бұл пән бойынша модульдік бағдарлама.

Модульдік технологияның ең маңызды элементтерімен белгілеуге болады:

- оқу материалын блоктық (модульдік) құру;
- мақсатқа жету негізінде оқу іс-әрекетін ынталандыру;
- мұғалімнің білім мен шеберлікті меңгеруі бойынша сабақтарда өзіндік, шығармашылық іс-әрекеттің басым болуы;
- оқушы мен мұғалімнің рефлексиясы негізінде оқу материалын меңгеруді, оқу іс-әрекетінің қалыптасуын сыртқы бақылауды және өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру.

Модульдік оқыту технологиясының басқа оқыту жүйелерінен принципті айырмашылықтары мыналардан тұрады:

1. Оқыту мазмұны қойылған мақсатқа сәйкес игерілуі жүзеге асырылатын аяқталған дербес кешендерде ұсынылады. Мақсаты білім алушы үшін қалыптасады және оқылатын мазмұнның көлемін көрсету ғана емес, сонымен қатар оны меңгеру деңгейін де қамтиды. Сонымен қатар, оқушы мұғалімнен мынандай жағдайларда жазбаша түрде ақыл-кеңес ала алады: оқу материалын қайдан табу; оларды қалай меңгеру; орындау дұрыстығын қалай тексеру.

2. Модульдік оқыту мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас формаларын өзгертуді көздейді. Ол олармен модульдер арқылы да, әрбір жеке-жеке қарым-қатынас жасайды. Әсіресе, бұл ғылыми жаратылыстану пәндері үшін маңызды, онда мұғалім көп материалды баяндайды, ал оқушылар оны тек қабылдайды.

3. Әр адам уақыттың көп бөлігін өз бетінше жұмыс істейді, өз қызметін жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және бағалауды үйренеді.

4. Оқушыларға жеке кеңес беру, мөлшерленген көмек мәселесі жоқ.

Модульдердің баспа түрінде қол жетімді болуы мұғалімге әрбір оқушымен жекелеген көмекпен кеңес бере отырып, жеке оқушылармен жұмысты жекелендіруге мүмкіндік береді.

Қорыта келе, модульдік технологияны пайдалану оқу процесін жетілдіруге, оқушының оқуға деген ынтасын және пәнге деген қызығушылығын арттыруға, білімін жетілдіруге, өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізе отырып, сабақта қойылған мақсатқа жету үшін қажетті қабілеттерін, білік, дағдыларын қалыптастыруға көп көмек тигізеді. Осындай кезде оқытушы оқушының жеке кемшілігіне көңіл бөліп, олардың ой-өрісін дамытуға, белсенділігін арттыруға арналған шығармашылық жұмыстармен айналысуға мүмкіндік алады. Сабаққа дайындалуға да көп уақыт бөліп алатын дәрежеге жетеді. Модульдік технологияны енгізудің нақты нәтижесі ретінде оқушылардың өзіндік жұмыстарға көптеп көңіл бөле бастағанын көруге болады.

Сонымен біздің пайымдауымызша, модуль - бір-бірімен тығыз байланысты ірі блоктар, бағдарламадағы тақырыптар. Блоқты модульды оқыту барысында, яғни оқушы бойында бұрыннан қалыптасқан еңбек іс-әрекет тәсілдері мен жаңа іс-әрекет тәсілдерін өзара жинақтау нәтижесінде оқушылар бойында шығармашылық іс-әрекеттерді қалыптасады. Соның негізінде, модульдеп оқыту технологиясы бойынша берілетін тапсырма шағын бөліктерге берілетін тапсырма бөлініп беріледі.

Және әр бөліктің өз алдына жекелеген мақсаты болады. Шағын мақсат нәтижеге тез оңай жетуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, модульдік әдіс бойынша оқушыға мынадай талаптар қойылады: тыңдай, білу, тыңдау арқылы түсіну, диалогты сөйлесу, оқу, оқуға дайындалу, жазу монологты сөйлесу.

Бұл талаптар ағылшын тілі сабақтарында оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық үрдіс түзуді көздейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Советский энциклопедический словарь [Текст] / Гл. ред. А.М.Прохоров-М.: «Советская энциклопедия», 1985 - 1560с.
2. Штофф, В.А. Гносеологические функции модели [Текст] / В.А. Штофф. // Вопросы философии. - 1961.- № 12. - С. 53-65.
3. Гнатышина, Е. А. Построение модели профессиональной компетентности будущего педагога / Е. А. Гнатышина // Профессиональное образование. - 2008.-№3.-С. 30-31.
4. Унт, И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения [Текст] / И.Э. Унт. -М.: Педагогика, 1990. - 192 с.
5. Асмолов, А. Г. Психология личности: Принципы общепсихологического анализа. [Текст] / А. Г. Асмолов. -М.: Смысл, 2002. - 416 с.
6. Дьяченко, В.К. Сотрудничество в обучении: о коллективном способе учебной работы: книга для учителя [Текст] / В.К. Дьяченко. - М.: Просвещение, 1991.-192 с.
7. Загвязинский, В.И. Методология и методика педагогических исследований [Текст] / В.И. Загвязинский - Тюмень: ТГУ, 1976. - 85 с.
8. Иванов, А.И. Компетентностный подход в среднем и высшем педагогическом образовании [Текст] / А.И. Иванов, С.А. Куликова // Среднее профессиональное образование. - 2008. - № 5. - С. 47-50.

Аскар А.С., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, факультет философии и психологии, гр. Р-21, студент
(*Научный руководитель – PhD, заведующая кафедрой политологии и социологии Бейсенова А.А.*)

ЦИВИЛИЗАЦИОННЫЙ ПОДХОД В СОЦИОГУМАНИТАРНОЙ НАУКЕ

В современной социогуманитарной науке одним из распространенных подходов в анализе общественных систем является цивилизационный подход. Сегодня сложилось множество схожих между собой толкований этого понятия, изучив их все мы сделали свой вывод. Цивилизация - многогранное развитие социума во всех аспектах ее проявления – материальных, духовных и культурных, также нужно обозначить то, что цивилизация может проявляться в виде отдельного общества и как стадия возникшего в древности, но продолжающего свое развития человечества. Любая цивилизация основывается на определенном прообразе и формируется в процессе ее развития, и судьба цивилизаций будет зависеть именно от того, каким образом будут проходить процессы – зарождения, развития, становления. Исследование истории общества на основе этого понятия получило название «цивилизационный подход». В контексте цивилизационного подхода, цивилизация является синонимом слова «культура», то есть по мнению исследователей этого подхода, именно культура и её правильное развитие, занимает главную роль в судьбе человечества. Основателями цивилизационного подхода, являются О. Шпенглер, А. Тойнби, П. Сорокин, С. Хантингтон и др., благодаря им мы можем иметь хоть какое-то представление того, что нас ждёт в ближайшем будущем. Даже если, их взгляды на развитие цивилизаций во многом различаются, у их исследований есть точки соприкосновения. В нашей статье мы рассмотрим, несколько вариантов цивилизационного подхода, и попытаемся обосновать их актуальность на сегодняшний день.

Немецкий философ, культуролог Освальд Шпенглер, автор знаменитой книги «Закат Европы», утверждает, что судьба Европейской цивилизации совсем не так уж радужна, как мы можем себе это представлять, а наоборот стремительно близится к гибели. По его мнению, то самое будущее, которое интересует всех нас, за азиатскими странами, и это действительно очень актуально на сегодняшний день, но об этом будет изложено ниже... [1] О. Шпенглер, как истинный философ, задавался вопросом, куда движется история, и пришел к выводу, что она никуда не движется, и что никакого развития от худшего к лучшему не происходит. В поисках ответа, на свой вопрос, он пришёл к мнению, что история движется не линейно вверх, а циклами, все как в природе – весна, лето, осень, зима, упадок, никакого смысла в этом нет и ничего с этим сделать нельзя. Он был очень уверен в своих прогнозах, что сделал предсказание на следующие 500 лет. О. Шпенглер рассматривал